

«Алматы облысының денсаулық
сақтау басқармасы» ММ-ң ШЖҚ
«Талғар медициналық колледжі»
МКК



ГКП на ПХВ
«Талгарский медицинский колледж»
ГУ «Управление здравоохранения
Алматинской области»

МЕДБИКЕЛІК ІСТЕ ЭМПАТИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІҢ МАҢЫЗЫ

БАЯНДАМАШЫ: Э.О. ЖАҚСЫБАЙ
305-М9 студенті
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІСІ: Ж.Д. ЕРАЛИЕВА
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМ МАГИСТРІ

Өзектілігі: Медбикелер үнемі науқастармен тікелей қарым-қатынас жасайды, оларға медициналық тұрғыдан қызмет көрсетумен қатар психологиялық жағынан қолдап, эмпатия білдіреді. Сондықтан медбикелер бойындағы эмпатиялық қабілетті дамыту, қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі.

Мақсаты: Колледж 4 курс «Медбикелік іс» мамандығы студенттерінің бойындағы эмпатиялық қабілеттің маңызы, оларды дамыту жолдары

Міндеттері:

- Колледж 4 курс медбикелердің эмпатиялық қабілетін анықтауға әдістеме жүргізу
- Науқастардан «Медбикелердің мейірімділік (эмпатиялық) деңгейін» анықтауға арналған сауалнама жүргізу
- Жүргізілген әдістеме нәтижелерін бір-бірімен салыстыру, қорытынды шығару, дамыту жолдарын ұсыну

Зерттеу объектісі: болашақ медбикелер және ауруханадағы науқастар

Зерттеу әдістері:

- А.Мехабиан мен Н.Эпштейннің «Эмпатиялық қабілетті анықтауға арналған» әдістемесі;
- «Медбикелердің мейірімділік (эмпатиялық) деңгейін» анықтауға арналған сауалнама



Эмпатия – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Оның айқын көрінісі – өзге адамдар қайғы қасіретті жағдайлар мен қиыншылықтарға ұшырағанда, оларға жанашырлық білдіріп, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі.


Эмпатияны алғаш рет АҚШ психологы *Э.Титченер* (1867 – 1927) зерделеді. Ол философиядағы “ұнату” сезімінің теориялық негіздеріне сүйене отырып, жанашырлық сезімнің салыстыру мен ұқсату тәсілдерімен түсіндірілетін танымдық негіздерін ашып көрсетті. Сол арқылы адамның күйзеліске түсу себептерін ғылыми тұрғыда жүйелеп шықты.

Эмпатияның жиі кездесетін үш анықтамасы бар:

1. Басқа адамдардың сезімдері мен қажеттіліктерін түсіну.
2. Табиғатты, өнер объектісін оқиғаны сезіну.
3. Психотерапевтің кәсіби қасиеті




Талғар медициналық колледжі 4 курс «Медбикелік іс» мамандығы студенттерінен А.Мехабиан мен Н.Эпштейннің «Эмпатиялық қабілетті анықтауға арналған» әдістемесі жүргізілді. Әдістемеге 37 студент қатысты. Әдістеменің қорытындысы бойынша болашақ медбикелер бойындағы эмпатиялық қабілеттілік:




Талғар орталық ауруханасы емделушілерінен «Медбикелердің мейірімділік (эмпатиялық) деңгейін» анықтауға арналған сауалнама алынды. Сауалнамаға 29 науқас қатысты: олардың ішінде 9 терапия, 7 травматология, 7 хирургия, 3 балалар, 3 ересектер бөлімінен.






Сауалнама қорытынды нәтижелері бойынша емделушілер медбикелердің сыпайылық пен қамқорлық дәрежесін



Емделушілерге медбикелер мейірімділік танытып, қамқорлық жасағанда, төмендегідей сөздерді тыңдағысы келетіндігі анықталды.

- Жылы сөздер
- Жазылып кетіңіз, ауырмаңыз
- Сізде бәрі жақсы ма?
- Сабырлы болыңыз, шыдаңыз





Эмпатиялық қабілетті дамыту мақсатында студенттерге арнайы ағылшын ғалымдары ұсынған N.U.R.S.E яғни науқас бойында көрсетілген эмоцияны атап, оны түсіну, оған құрмет көрсету, психологиялық жағынан қолдап, нақтылау алгоритмі бойынша эмпатияны вербальды түрде білдіру жолдары ұсынылды және осы бойынша рөлдік жаттығулар жасалды.




Эмпатиялық қабілетті жетілдіру мақсатында арттерапия элементтері қолданылып, «Өз эмоцияңды бейнеле», «Каракули», «Жағымды суретке айналдыр» психологиялық жаттығулар жасалды.



«Сезімдердің сиқырлы әлемі» атты ермексаз қолдана отырып арттерапиялық жаттығу жүргізілді.



ҚОРЫТЫНДЫ

- Медбикелер бойындағы эмпатиялық қабілеттің маңызы жайлы мәліметтер жинақталды.
 - Колледж 4 курс медбикелердің эмпатиялық қабілетін анықтауға және науқастардан «Медбикелердің мейірімділік (эмпатиялық) деңгейін» анықтауға арналған сауалнама жүргізілді, әдістеме нәтижелері бір-бірімен салыстырылып, сараптама жасалды.
 - Медбикелердің эмпатиялық қабілеттерін дамыту мақсатында ағарту жұмыстары, арнайы психологиялық жаттығулар, рөлдік ойындар жүргізілді.
- 

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- АСИМОВ М.А. «Коммуникативті дағдылар»: оқулық/ АСИМОВ М.А., Нұрмағамбетова С.А., Игнатъев Ю.В. ҚР ДСМ С.Ж.Асфендияров атындағы ҚҰМУ. Алматы: Эверо, 2009.
- Ильин Е.П. Қарым-қатынас жасау және тұлғааралық қарым-қатынас жасау психологиясы. – СПб.: Питер, 2009



*Назар
аударғандарыңызға
рахмет!*

